



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

білімін қалыптастыруға және ол үшін жеке жауапкершілігін сезінуге көмектесу болып табылады. Балалармен диалогта, бірлескен шығармашылықта ғана нағыз сабақ туады, оқу іс – әрекетіне ынтасы артады. Мұғалім оқытудың жаңа жолдарын іздестіру, табу керек. Табысты мұғалім инновациялық тәсілдер мен әдістерден қорықпайды, оқушының игілігі үшін жұмыс істейтін әртүрлі формаларды пайдаланады. [6, б. 3]

Заманауи білім беруде басты назар жоғары әлеуметтік мәртебеге және материалдық құндылықтарға ие болуда табысқа жетуді ғана көздейтін, бірақ адамның шынайы бақыты туралы ойлауға үйретпейтін интеллектуалдық дамуға аударылады. Бүгінде моральдық құндылықтардың құнсыздануы, басымдықтардың материалдық жағына ауысуы байқалады. Рухани туралы ойланбай, көп білім алған адам өзін бақытты сезіне алмайды. Қазақтың қос ағартушысы отандық тәрбие туралы ойларын қорытындылай келе, қазіргі білім беруде өзектілігін жоймаған мынадай ойларды анықтауға болады:

- халықты жалпыға бірдей тәрбиелеу идеясы
- демократиялық білім беру жүйесін құру
- жас ұрпақты тәрбиелеудің тұтас тұжырымдамасын жасау
- ағартушылық және білім беру мақсаттарын айқындау – ұлтжанды, өз халқының

мүддесі үшін өмір сүретін еңбекші, ақыл – ойы дамыған, адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу. Алтынсарин мен Көбеевтің идеялары бүгінде белгілі. Қоғамның болашағы білім беру жүйесіне байланысты, өйткені бүгінгі балалар уақыт өте келе жаңа заман елінің тағдырын құра бастайды. Білім берудің бірінші кезектегі міндеті – қазіргі өмір талабынан артта қалуды еңсеру, яғни оқушыларды дайындауда тек бүгінгі күннің проблемалары мен қажеттіліктерін ғана емес, сонымен бірге болашақта көрінетін мәселелерді де ескеру қажет. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңінде тұрақты даму және оның бәсекеге қабілетті адам ресурстарының озық дамуына негізделген. Бәсекеге қабілетті қоғамдағы білім беру саласы әлеуметтік саланың қарапайым элементі болудан қалып, елдің болашағына инвестиция құю құралына айналады. Олай болса, жаңартылған білім мазмұнын беру бағдарламасында көрсетілгендей бүкіл қазақстандық білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, білімді, шығармашыл, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және дамыту. Өз мүддесі сияқты барынша өзін – өзі жүзеге асыруға дайын, және қоғам мүддесі үшін ұлы ұстаз және ағартушы Ы.Алтынсариннің сөзін қуаттайды: «Біздің әрқайсымыздың міндетіміз – біздің Отанымыз игілікті болуына үлес қосу». [6, б. 3]

Әдебиеттер тізімі:

1. Өтетілеуов Б. Шығармалар. Алматы, 1961
2. Қирабаев С. Спандияр Көбеев «Өмірі мен жазушылық қызметі»
3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы. «Ана тілі». 1993
4. Ильминский Н. Воспоминания об Алтынсарине. Казань, 1891
5. Жарикбаев К., Калиев С. Антология педагогической мысли Казахстана. Алматы, 1995
6. <https://egemenkz>.

ӨОЖ 37.034

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ

*Камалова Айнур Мағзумовна
бастауыш сынып мұғалімі
Султанова Гулден Қонысбайқызы
бастауыш сынып мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласының білім бөлімінің
№ 24 мектеп – гимназиясы» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: gulden91@mail.ru*

Андатпа

Авторлар мақалада Қазақстан қоғамын қажырлы еңбек пен рухани байытуға шабыттандырған Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері өміршеңдігін тілге тек етеді. Ағартушының шығармашылығындағы адамгершілік пен тәрбие тақырыбының мәнін ашуда тиімді әдістерді кеңінен қолдана білген. Ағартушы – педагогтың мұрасы бастауыш сыныпта тәрбие көзі ерекше болу деп сөз етеді. Ы.Алтынсариннің шағын әңгімелерін сабақ барысында жаңа технология элементтерін қолдану арқылы қазіргі оқушыларға жеткізудің тиімді жолдары көрсетілген. Заман талабына сай үндестігін ашып көрсету – мақала мазмұнында қарастырылған.

Түйінді сөздер: Ыбырай Алтынсарин, ағартушы шағын әңгімелері, заманауи рухани тәрбие, тиімді әдіс – тәсілдері.

Аннотация

Авторы отмечают, что в статье представлен анализ эффективных путей изучения рассказов Ибрая Алтынсарина для детей, которые являются просветительским наследием известного педагога. Суть рассказов – труд и духовное обогащение человека. В статье показаны эффективные методы и приемы через которые необходимо донести современным школьникам ценностные смыслы нравственности и воспитания в творчестве просветителя. Наследие педагога как источник воспитания в начальной школе. Созвучие нравственных идей рассказов современности является главным фокусом статьи.

Ключевые слова: Ибрай Алтынсарин, просветитель, короткие рассказы для детей, современное духовное воспитание, эффективные методы и приемы.

Abstract

The authors note that the article presents the stories of Ibray Altynsarin, who inspired Kazakh society to hard work and spiritual enrichment. Innovative methods have been widely used in revealing the essence of the topic of morality and education in the work of the educator. His legacy is considered a source of education in elementary school. Small talk shows that using of elements of new technologies during classes is effective. He managed to reveal harmony that meets modern requirements.

Key words: Ibray Altynsarin, educator, short stories for children, nowadays, spiritual enrichment, effective methods and techniques.

Бүгінгі өркениетке бет бұрған ақпарат заманында бастауыш сыныпта терең білімді, білікті, бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға тәрбиелеу - ең өзекті мәселе. Демек, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру - ХХІ ғасырдың басты талабы. Қазіргі таңда «Әлем өзгергендіктен, біз де өзгереміз» деген даналық сөзді педагогикалық ұстанымымызға айналдырып, бастауыш сыныпта сабақ беріп келеміз. Әрбір сабағымызда мерейлі мақсатымыз – білім алушыларды ойландыру, іздендіру сол арқылы өз беттерінше ізденісу оқуға баулу. [1, б. 8]

Бастауыш сыныпта білім беру дегеніміз – бұл оқушы санасының ең жылдам дамитын аса құнды, қайталанбас кезеңі болғандықтан оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы екендігі сөзсіз. Осы орайда «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы», «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген қанатты сөздер ел ертеңі болатын жас ұрпақтың жан-жақты сауатты болуы аса маңызды екендігін дәлелдеп келеді. Яғни, санасын қалыптастырып, білімге деген құлшынысын оятатын, ертеңге сеніммен қараудың бастамасын беретін бастауыш сыныптың орны ерекше. Заман талабына сай инновациялық технологияларды оқу үрдісінде қолданудың ауқымы, түрлері өзгеріп отырады.

Бірақ, ең бастысы инновациялық технологияларды әрқашан да тиімді, жүйелі қолдану керек деген ойдамыз. Жаңа білім берудің тиімділігі: мақсаттың нақтылығы, жоспарда бөлім, бөлімшелердің айқындылығы, сыни тұрғыда көзқарасының қалыптасуы өздігінен білім алушы болып табылады. [2, б. 6-7] Бүгінгі күнгі жаңартылған білім берудің де алға қойған қағидасының бірі баланы мәжбүрлі емес, білім алуға қызықтыру арқылы білімге деген уәжін арттыру арқылы оқушыны құзыретті тұлғаға айналдыру. Өз дәуірінде Ыбырай Алтынсарин шығармашылығында көрініс тапқан, педагогикалық көзқарасындағы ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар білім беруді дамыту бүгінгі күні де жалғасын тауып келеді. «Егер балалар бірденені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кіналауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кіналауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде, ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық көрсетуі керек» деген ой-пікір бүгінде ұстаздардың ең басты мәселесі. Өз алдымыздағы шәкірттерімізге білім беруде Ыбырай ұстаздың осы бір қанатты сөзін тәжірибемізде үнемі ұстанамыз. Жанарында білсем екен, үйренсем екен деген жалыны бар шәкірттерімізге ұрыспай, бар білгенімізді зор ынтымақпен түсіндіруге тырысамыз. Қазіргі ұстаздар, яғни біздің алдымыздағы басты міндет – ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскерлі және қабілетті болуына баулу. [3, б. 8-9]

Әлемдік стандарттар негізінде көкейге түйгеніміз алдымызға мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті іргесі мықты ел боламыз. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты – білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіріп, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазақ тарихында Ыбырай Алтынсаринның есімі үркердей мәңгі жарқырайды. Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Иә, дана ағартушының басты мұраты адам игілігіне қызмет ету болды. Олай деу себебіміз, қазіргі таңда Ыбырай Алтынсарин мұрасы бастауыш сынып мұғалімі ретінде біздің мәңгі ескіrmес рухани серігіміз ретінде күнделікті оқу - тәрбиеміздің мазмұнына айналды. [4, б. 5-6] Оның қалдырған мұрасы бүгінгі күні өміршеңдігімен біздің мектебіміздің де

игілігіне айналды. Осы орайда ұстаздың ізбасары ретінде ертеңгі күннің бәсекеге қабілетті шәкірттеріне қазақ тілінің жалпақ, шұрайлы екенін дәріптеуде тамшыдай болса да үлесімізді қосу міндетіміз деп есептейміз. Қазіргі таңда өзіміздің тәжірибемізде ағартушының білім беруде «Әуелі зат есімге ғана жататын зат аттарын үйретемін, содан соң сын есімді үйретемін, осыдан кейін ғана зат есімді сын есіммен қосып, адам сияқты сөйлем құратып үйретемін» деген даналық сөздерін өзіміздің педагогикалық ұстанымыма айналдырып алғанбыз.

Сонымен қатар үштілділікті де сабақ барысында назарда ұстаймыз. Иә, бүгінгі күні ұлт ұстазының арманы түгелдей дерлік орындалған секілді. Олай деу себебіміз ұлы ағартушының мұрасы біз үшін таусылмас қазына саналса, оның әрбір еңбегінен шәкірттеріміз рухани тілектеріне жауап табады, нәр алуда. Біздің тәжірибемізде Ыбырай Алтынсарин мұраларының педагогикалық идеясы балаларды ұқыптылық пен сабырлыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке, еңбекке тәрбиелейді. Дана ағартушының жұрт назарын аударған тұнып жатқан қазынасының бір бөлігі мейірімділік тақырыбы. Міне, осы орайда дәл осы тақырыпты шәкірттерімізге қалай жеткізе білеміз, тәжірибемізді ортаға салғымыз келді. Бәрімізге мәлім, қазіргі жаңартылған білім аясында инновациялық технологиялардың пайдасы зор. Дәл бүгінгі күні инновациялық білім беру жаңа білімнің өзегіне айналды. Ыбырай Алтынсариннің екі түрлі мәселені біріншісі бала оқыту, екіншісі ой-санасын жаңалыққа бейімдеу жолында тәрбиелік мәні зор шығармалары мирас боп қалса, бұл менің әр сабағымыздан көрініс табуда. Бастауыш сыныпта өлеңдерін қысқа бір шумақпен ғибратты ойларды ұсынады. Осы орайда өзіміздің тәжірибемізде Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып түрлендіруге болады.

Мәселен, ұстаздың еңбек тақырыбындағы әңгімелерінің мазмұнын терең ұғындырып, кәсіби шеберлігімізді шығармашылықпен ұластыра отырып, мақсатқа жетуге болады. Тәрбиелік мәнін терең ұғындырып, кейіпкерлерге мінездеме беруде білім алушыларға өз бетімен ізденуге бағыт беруге болады. Оның шығармаларынан қандай үлгі-өнеге аламыз? Мәселен, Әнер, білім бар жұрттар өлеңін түсіндіру кезінде бірінші топқа «Топтастыру», екінші топқа өлең шумағы бойынша «Қас-қағым сәт» әдісі бойынша сұрақтар, ал үшінші «5 жол өлең» әдісі арқылы тапсырма беруге болады. [5, б. 4-6]

Соңында «Керме жіп» атты кері байланыс арқылы қаншалықты ой түйгендерін қорытындылаймыз. Ыбырай Алтынсарин шығармаларын АКТ-аясында жаңа технологияның белсенді әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, түсіндірсек, оқушының білуге деген қызығушылығы арта түсетіні анық. Иә, әр сабағымызда ұлт ұстазының тәрбиелік мәні зор әңгімелері шәкірттеріміздің рухани санасын өсіріп, жақсы мен жаманды айыра білуге үйретті. Ағартушының «Талап етіп талпынбаса, адам баласы алға баспаған болар еді» деген даналық сөзі де өмір шындығына айналып отыр. «Талапты ерге нұр жауар» деген халық мақалы да өмір тәжірибесіне ала отырып, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай сол идеяны көтереді. Әңгімесіндегі кейіпкердің табалының арқасында елге танымал болғанын мысалға келтіре отырып, бұл арадағы көздегені - жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қолы жеткенін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу еді. Талап дәл қазіргі уақытта оқушыларымызға қажет. Бұл әңгімесін ақпараттық технология аясында мәтінді тыңдатып, тест жұмысын ұялы телефон арқылы тексеріп отырамыз. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу шығармашылығының дамуы әрдайым педагогикалық басшылықты қажет етеді. Бұл үшін жүйелі жұмыс қажет. Өзіміздің тәжірибемізде жаңа технология элементтерін тиімді пайдалану керек деп шештік. Заманауи ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, әрі түсінікті болады. Сонымен қатар инновациялық технология элементтерін де ұтымды пайдалану үстіндеміз. Оқушыларға әңгіме жанрының ерекшелігін айта отырып, Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің тақырыптарын, идеясын, қоғамдық мәнін түсіндіру. Күнделікті сабағымызда Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін оқушыларға қысқаша мазмұндата отырып, оның шынайы өмірден алынғандығына назар аудартамыз. Сабақтың әдісі: СТО стратегиялары, сұрақ-жауап, ой талқы, «Авторға хат» т.б. Мәселен, жаратылыстану, дүниетану сабақтарында әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға Венн диаграммасы мен «Аялдамамен оқу» стратегиясын пайдалансақ, математика сабағында мәтін мазмұны бойынша «Қиялдау арқылы сурет салғызу» стратегиясы көрініс тауып жатады. Ағартушы-жазушы, кемеңгер, ғұлама ұстаз Ыбырай Алтынсарин еңбектерінде баланы елін, жерін сүйге, табиғатты аялауға, имандылыққа, әдептілікке, қайраттылыққа, еңбек етуге тәрбиелеудің ұлт табиғатына лайық небір тамаша әдістері ұсынылады. [4, б. 5-6] Ыбырай Алтынсарин адам тәрбиесіне зор мән берген. Оқушыларға білім беруде, тәрбиелеуде Ыбырай өмірінің, педагогикалық идеяларының өнегелі тәрбие беретін жақтары жеткілікті. Себебі, Ыбырай Алтынсарин бүкіл өмірі, еңбектері, негізінен үлгілі-өнегелі адам тәрбиелеу ережесі десе болады. Ағартушы мұрасын мәңгілік өнеге мектебі дейміз. Қазіргі таңда жан аямай кәсіп қылудан безінетін «бейнет көрмей дәулет жоқ екенін» парасаттамайтын, ұрлық пен қулықты қызық көретін жастарды жақсы мінез-құлық пен имандылыққа үйрететін, жол нұсқайтын асыл-Ыбырай мұрасы.

Оның шығармаларындағы терең ойды мұғалім өзі терең түсінгенде ғана баламен жүгізілетін білімдік және тәрбиелік істері нәтижелі болмақ. Қоғамның санасын Ыбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндап эстетикалық таныммен пәлсапалық қағидаларымен тұжырымдап отырды. Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа технология әдіс-тәсілдері оқушыларды ортамен

қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы. Білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертті. Мұнда мұғалімнің кәсіби-әдістемелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымақтастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын. Ыбырай Алтынсариннің ізгі ойлары, талғамы, педагогикалық идеялары көп. Сондықтан, бүгін алда қойған мақсатымыз Ыбырай Алтынсариннің еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру. Ұстаз ретінде, Ыбрай Алтынсарин әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан, жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бірі табылса, біртұтас мінез қалыптасады. Бұлар ұстаздардың оқушыларға дұрыс, жүйелі, табанды түсіндірумен, балаға дұрыс талап қоя білулерімен жүзеге асырылады. Бастауыш сыныпта қазақ тілі сабақтарында бағдарлама бойынша тақырыптарды оқытқанда қазақ халқының қолданбалы өнерінің тарихы, түрлері жайында мәтіндер құрастырып, орынды пайдаланамын; халқымыздың еңбекке баулу тәсілдеріне назар аударамын; оқудың ұлттық сапасын оятумен бірге ата-бабаларымыздың қонақжайлық, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлық жасау, мейірімділік, еңбекке үйрететін әдіс- тәсілдерді қолданамыз. Қазақ тілі сабағын үнемі ұлттық педагогикамен ұштастыруды көздейміз. [3, б. 8-9] Инновациялық әдістер арқылы тақырыпты жаңғыртуға болады.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөлген «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады»-деген ұлы ұстаз. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға, Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. Ал, бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Рухани-адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі саналатын шағын әңгімелері баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүюге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретуге, ұрпақ бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Қазіргі таңда Ыбырай Алтынсариннің осы арманы орындалғанына көзіміз жетіп отыр. Өйткені, Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңіне куәгер болудамыз, ағартушы салған сара жолмен бейбіт елде, бейбіт елдің ұлдарын білім нәрімен сусындатудамыз, ол салған ұстаздық жолда еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеудеміз, оның әңгімелері мен өлеңдерін жас ұрпақтың санасына құюдамыз.

Қорыта айтқанда, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығын инновациялық технологиялар арқылы жандандыруда күш-жігерімізді аямайық дегіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы: Мектеп, 1991. 86 б.
2. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. Алматы: Атамұра, 2006. 168 б.
3. Ы.Алтынсарин . Таңдамалы шығармалары. Алматы: Ғылым, 1989. 320 б.
4. Сарбаева А.М. Ғұлама тағылымы. // Оқу – әдістемелік журнал. Көкшетау: Келешек2030, 2020. №4, 5–6 бет

ӘОЖ 37.034

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗАМАНАУИ ОҚУ ҮРДІСІМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

Каржауова Гулнур Давлетияровна
информатика пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің
М.Дулатұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай облысы, Рудный қаласы, Қазақстан
E-mail: guli_9123@mail.ru

Андатпа

Баяндама мазмұнында Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесін нақтылауда мәдениет-танымдық, этнопедагогикалық тұғырлар аясындағы жүйелілік, ақиқаттылық, баламалық, мәндік талдау, генетикалық, тарихилық және қисындылық, тұжырымдамалық бірлік ұстанымдарын басшылыққа алынды. Міне, осы айтылғандарда тәжірибеде қолдану аясын ашып көрсеткен. Педагогикалық жүйесінің өміршеңдігін